ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 шілде №5265-24-00-2/1882 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік

коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 3 334 (үш мың үш жүз отыз төрт) теңге тұрақсыздық айыппұл және 101 (бір жүз бір) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысы өндірілсін.

«SUMMIT PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 22.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.09.2024, судья Сейтжанұлы С., 07.09.2024

5265-24-3-1/2015